



**Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университет
«Агробиология» факультеті
«Агрономия, селекция және биотехнология» кафедрасы**

«Өсімдік шаруашылығы» пәнінен дәріс сабағы

Дәріс №6

Тақырып: Жүгері негізгі мал азықтық және техникалық дақыл

А.ш.ғ.к қауым.профессор Досжанова Айнур Серикбайқызы

Алматы, 2025

Тақырып: Жүгері негізгі мал азықтық және техникалық дақыл

Мақсаты: Студенттерді жүгеріні өсіру технологиясы және өнімді жинау ерекшеліктерімен таныстыру

Shanghai Recenp International Co., Ltd.

Міндеті: жүгерінің өсіп даму ерекшеліктерін үйрету

Түйінді сөздер:технология, химиялық, кондитер

Жоспары:

- 1.Халықшаруашылығындағы маңызы
- 2.Дақылдың морфологиялық, биологиялық ерекшеліктері
- 3.Жүгеріні дәнге және сүрлемге өсіру технологиясы

1 Дүниежүзінде жиналатын жүгері дәні өнімінің 20-25% азық-түлік ретінде қолданылады, соның өзінде ол, осы мақсатта ең көп пайдаланылатын дақыл болып есептеледі. Жүгері дәнінен ұн, жарма, барлығы 250-ден астам тағам түрлері дайындалады. Кондитер бұйымдарын даярлау үшін оны бидай ұнына қосады, өнеркәсіптік жағдайда жүгері дәні крахмал, декстрин, спирт, глюкоза, қант, май, бал, аскорбин және глютамин қышқылдарын алуға қолданылады.


Жүгері біздің елімізде сүрлемдік дақыл ретінде бірінші орында. Оның сүттену-балауыздану мен балауызданып пісу кезеңінде жеке собықтарынан немесе собықтарын жапырақтары және сабақтарымен қосып сүрлем дайындайды.



ТЕХНОЛОГИЯ ВОЗДЕЛЫВАНИЯ КУКУРУЗЫ

Рекордный урожай с общего поля

WWW.PLANTA-COMPANY.RU



*в зависимости от потребностей культуры применяют один из предложенных вариантов микроудобрений.

Жүгерінің өсіп даму үрдісінде көктеу, 3 жапырақ кезеңі, бұтақтану, түтікке шығу, шашақтану, шашақтың гүлденуі, собыктың гүлденуі, дәннің сүттені пісуі, дәннің толық пісуі, барлығы 11 кезең ажыратылады. Оның өсіп-даму кезеңінің ұзақтығы пісу топтарына байланысты 75-180 тәулікке созылады.

3.Алғы дақыл. Жүгеріні арамшөптерден таза, құнарлы топырақты танаптарға сепкенде, агротехникалық шараларды толығынан, талаптарға сай өткізген жағдайда қант қызылшасынан басқа барлық алғы дақылдардан кейін жоғары өнім береді. Жүгерінің жақсы алғы дақылдары-сүрі танабы, күздік бидай мен күздік қарабидай, жаздық бидай, арпа, дәндібұршак дақылдары және отамалылар



ТОПЫРАҚТЫ ӨНДЕУІ, ВЕГЕТАЦИЯ КЕЗІНДЕ ҮСТЕП ҚОРЕКТЕНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ



Топырақ өңдеу. Жүгері тамыры топырақтың борпас болуын және терең жыртылуын қалайды. Сондықтан оны себуге арналған жер, күз айларында алғы дақылдар орып алынғаннан кейін ЛДГ-10, ЛДТ-15 сыдыра жыртқыштарымен немесе БД-10, БДТ-7 тырмаларымен 7-8см қопсытылады, сонан кейін 25-27см-ге, ал механикалық құрамы ауыр сазды, батпақты жерлер 27-30см тереңдікке жыртылады.



Тыңайтқыш қолдану жүйесі.

Жүгерінің тыңайтқыштар қолдану жүйесі-негізгі, тұқым себу кезіндегі және үстеп қоректендірулерден тұрады. Негізгі тыңайтқыштарды сүрдігер жыртқанда гектарына: қаратопырақ пен қара-коңыр топырақтарда 10-15г көң, 20-30 кг фосфор мен калий. Азотты көктемгі қопсытуда гектарына 20-30кг, ал тұқым сепкенде қатарға гектарына 15кг дейін фосфор береді. Үстеп қоректендіруде 20-30кг азот пен фосфор, 15-20кг калий қолданады



Тұқымды себуге дайындау.

Шаруашылықтарға жүгерінің тұқымын арнайы зауыттарда іріктелген, яғни себуге толық дайындалған күйінде келеді. Жүгері тұқымын себу алдында жылы ауада 5-6 күндей қыздырады. Себер кезде 34% витавакс 200 ФФ (1,5-2,0кг/т) немесе дивиденд 030 (2кг/т) препараттарының бірімен өңдейді.

Тұқымды себу мерзімі, әдісі және сіңіру тереңдігі. Жүгері тұқымын себу тереңдігінде топырақ 10-12°C жылығанда себе бастайды. Тез қызатын жеңіл топырақты жерлерге тұқым себуді ауыр топырақтыдан ерте бастайды: осыған сәйкес Алматы облысы жағдайларында көкшетау және кеш пісетін жүгері будандарын 20-сәуір 5-мамыр аралығында, ал ерте пісетіндерін 1-15мамырда себеді.



Жүгері егісін күтіп-баптау. Негізіне

арамшөптермен күресуге және топырақты физикалық жағдайын жақсартуға-бағытталады. Жүгсріні күтіп-баптаудағы маңызды шаралар қатараралықтарды қопсыту мен үстелік қоректендіру. Ол үшін қопсытқыш өсімдік қоректендіргіштер қолданылады.

Бірінші қопсытуды 7-8см, ауыр топырақты жерлерде 8-10 см дейінгі тереңдікке 3-4 жапырақ пайда болған кезеңінде, 10-12см қорғаныш алаңын қалдыра отырып, ал екінші егер қажет болса үшіншіні де 6-7см тереңдікке жүргізеді.

Танапта көпжылдық арамшөптермен ластанған жағдайда 50% 2,4Д амин тұзы (1,5-2,5кг/га) және 40% диален (1,0-3,0кг/га) гербицидтерімен жүгерінің 3-4 жапырақ кезінде егісті бүркеді.



Суармалы егіншілікте өсіргенде топырақтың тамырлар әрекет ететін қабатындағы ылғалдылықты ең төменгі ылғал сиымдылығынан 75-80% кем емес деңгейде суару арқылы ұстап тұрғанда ғана астық өнімі мол болады.

Бұл жағдай күздегі ылғал жинау үшін суару мен вегетациялы суарудың жақсы үйлесуінің нәтижесінде қалыптасады: бірінші суару 5-7 жапырақ кезеңінде, екінші шашақтану алдында, үшінші гүлдену, төртінші және бесінші суарулар дән түзу алдында және дәннің сүттеніп балауызданып пісуінің алдында, жүгері егісін суару «Фрегат», «Днепр» және ДДА-100 МА суару машиналарының бірімен жүргізіледі.



Өнім жинау. Астыққа өсірілген жүгері гүлдей бастағаннан 50-55 күн өткен соң, собықтағы дәннің толық пісер алдында орылады. Жүгері собықтарын 16%, ал дәнін 13% дан аспайтын ылғалдылыққа дейін кептіріп қоймада сақтайды.

